



Бекітемін

Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясының
Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі
проректоры

Г.Әбдірахман

« *20* » *маусым* 2019 ж.

2018-2019 оқу жылындағы Кәсіби практиканың жылдық есебі

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының білім алушылары Академиялық күнтізбе бойынша практиканың 4 түрінен өтеді (оқу-таныстырушылық – 1 семестр, педагогикалық – 3, 4, 5, 6 семестр, өндірістік - 4, 6 8 семестр, диплом алды – 8 семестр). Факультет декандары әр кафедра бойынша практика жетекшісін сайлайды. Практика жетекшілері білім алушылардың практикадан өту орындарын анықтайды. Оқу-әдістемелік бөлімі консерватория мен практика базалары арасында келісімшарттар жасасып, әр келісімшартқа студенттер тізімі (келісімшартқа қосымша) қоса беріледі. Практика жетекшілерімен осындай құжаттар ұсынылды: 1) Практикадан өтетін білім алушылардың тізімі; 2) Мамандықтар бойынша білім алушылардың кәсіби практикадан өтуі туралы мәліметтер; 3) Білім алушыларды базалар бойынша практикаға бөлу туралы ұсыныстар. 2018-2019 оқу жылында 1010 білім алушы консерватория ректорының 2018 жылғы 22 тамыздағы № 07 және 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 75 бұйрығы бойынша практика базасында практикадан өтті. ОӘБ ұйымдардың тізімін және практика шарттарын жасады (ұйымдармен 51 келісімшарт бар). Сонымен қатар, тізім бойынша білім алушыларға күнделіктер мен жолдама таратылды. Практика аяқталғаннан кейін білім алушылар кафедраға толтырылған күнделік, практикадан өту туралы есеп және жолдаманы тапсырады. Оқу жылының соңында практиканың барлық жетекшілері практика бойынша қорытынды есептер жазды.

2018-2019 оқу жылында жаңа ректордың тағайындалуына байланысты оқу-әдістемелік бөлімі аталған факультеттің білім алушылары үшін консерватория мен практика базалары арасындағы (П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі, А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған мектеп, К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты, Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры, Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы, Н. Сац атындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған Мемлекеттік академиялық орыс театры, ҚР Ұлттық кітапханасы, ҚР Тұңғыш Президент – Елбасы қоры, Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжі) практика келісімшарттары жаңартылды.

Консерваторияның сайтында "Практика" бөлімі ашылды және практика бойынша құжаттар орналастырылды. Барлық сканерленген келісімшарттар сайтта орналастырылған.

**Оқу-әдістемелік
бөлім жетекшісі**



А.Машимбаева

*Құрманғазы атындағы ҚҰК ОӘК
мәжілісінде мақұлданды
2019 жылғы 20 маусымдағы
№ 05 хаттама*